

"Қазақстан Республикасында шетелдік әуемен тасымалдаушыларды аккредиттеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 26 маусымдағы № 382 бүйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021 жылғы 7 маусымдағы № 282 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 9 маусымда № 22962 болып тіркелді

БҮЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасында шетелдік әуемен тасымалдаушыларды аккредиттеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 26 маусымдағы № 382 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15386 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бүйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасында шетелдік әуемен тасымалдаушыларды аккредиттеу қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі анықтамалар мен терминдер:

1) авиажолаушылар туралы деректерді жинауға және өндеуге арналған ақпараттық жүйе – Қазақстан Республикасының аумағына келетін (оның аумағынан кететін) немесе Қазақстан Республикасының аумағында ауысып мініп транзитпен жүретін авиажолаушылар туралы ақпаратты қамтитын Қазақстан Республикасының бірыңғай ақпараттық жүйесі;

2) бас агент - шетелдік тасымалдаушы Қазақстан Республикасының аумағында тасымалдарды сатуға уәкілеттік берген, шетелдік тасымалдаушымен шарт және оның атынан сенімхат негізінде шетелдік тасымалдаушы көрсететін қызметтер үшін жолаушылар алдында жауапты Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын заңды тұлға;

3) "E-Freight" ақпараттық жүйесі – әуе көлігімен багажды, пошта жөнелтілімдерін және жүктерді тасымалдау және өндеу кезінде ақпараттық өзара іс-қимылды автоматтандыруға және мониторинг жасауға арналған жүк авиатасымалдау саласындағы қағазсыз құжат айналымының ақпараттық жүйесі;

4) тік эшелондаудың қысқартылған минимумы (ағылшын тіліндегі қысқартылған аббревиатуrases - RVSM (бұдан әрі - RVSM)) - RVSM қолдана отырып, ұшуға рұқсаты бар әуе кемелерін эшелондау үшін қолданылатын тік эшелондау аралығы;

5) шетелдік әуемен тасымалдаушы - Қазақстан Республикасының аумағында өкілдік, филиал немесе бас агенттік арқылы жұмыс істейтін, тұрақты жолаушылар тасымалдарын жүзеге асыратын шетелдік авиакомпания (бұдан әрі - шетелдік тасымалдаушы).";

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Авиажолаушылар туралы деректерді жинауға және өндеге арналған ақпараттық жүйесін, сондай-ақ "E-Freight" ақпараттық жүйесін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану кезінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 832 қаулысымен бекітілген Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптар ескеріледі.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Құжаттарды қарастыру мен мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну мерзімі олар келіп түсken күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнді құрайды.";

2-қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрія және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Индустрія және инфрақұрылымдық
даму министрі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Б. Атамкулов

Қазақстан Республикасының
Индустрія және
инфрақұрылымдық даму
министрлігінің
2021 жылғы 7 маусымдағы
№ 282 бұйрығына қосымша
Қазақстан Республикасында
шетелдік әуемен

"Қазақстан Республикасының аумағында өз қызметін жүзеге асыратын шетелдік тасымалдаушыларды аккредиттеу туралы куәлік беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1.	Көрсетілетін қызмет берушінің атаяу	Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті.
2.	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері (қолжетімдік арналары)	Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру www.gov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.
3.	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	20 (жиырма) жұмыс күні.
4.	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электронды (толық автоматтандырылған).
5.	Мемлекеттік қызметтер көрсету нәтижесі	Қазақстан Республикасының аумағында өз қызметін жүзеге асыратын шетелдік тасымалдаушыларды аккредиттеу туралы куәлік беру не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Қызметті көрсету нысаны: электронды.
6.	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны өндіріп алу тәсілдері	Тегін.
7.	Көрсетілетін қызмет берушінің жұмыс істей кестесі	1) портал - құжаттарды қабылдау жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы жүзеге асырылады (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсетуге өтінішті қабылдау мен оның нәтижесін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге а с ы р ы л ա д ы) ; 2) көрсетілетін қызметті беруші - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс (сенбі және жексенбі) және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13:00-ден 14:30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін.
		Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін: 1) өтініш ; 2) шетелдік тасымалдауши жарғысының электронды көшірмесі; 3) Қазақстан Республикасындағы шетелдік тасымалдаушының өкілдігі немесе филиалы туралы ереженің немесе бас агент жарғысының электронды көшірмесі ; 4) Қазақстан Республикасында тиісті қаржылық жылға жасалған әуежайлыш қызмет көрсету шартының, агенттік шарттардың электронды көшірмелері; 5) шетелдік тасымалдауши өкілдігінің, немесе филиалының басшысына

		<p>немесе бас агентке сенімхаттың электронды көшірмесі;</p> <p>6) азаматтық әуе кемесін пайдалануышының авиациялық қауіпсіздік бағдарламасының электронды көшірмесі;</p> <p>7) Көрсетілетін қызметті алушыдан:</p> <p>Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 29 сәуірдегі № 527 бұйрығымен бекітілген Уәкілетті мемлекеттік органға және (немесе) құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдарға ресімделген және (немесе) броньға қойылған билеттер туралы мәліметтерді беру қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12993 болып тіркелген) сәйкес авиажолаушылар туралы деректерді жинау және өндөу үшін ақпараттық жүйеге мәліметтерді беруге оның дайындығын растайтын;</p> <p>Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 27 қарашадағы № 1118 бұйрығымен бекітілген Әуе көлігімен багажды, пошта жөнелтілімдерін және жүктерді тасымалдау және өндөу кезінде ақпараттық өзара іс-қымыл қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12545 болып тіркелген) сәйкес әуе жүктері бойынша электрондық мәліметтерді "E-Freight" ақпараттық жүйесіне беру туралы кепілдік хаттың электрондық көшірмесі;</p> <p>8) пайдалануши куәлігінің және оған байланысты пайдалану ерекшеліктерінің электронды көшірмесі;</p> <p>9) Қазақстан Республикасына ұшуларды орындауға жоспарланып отырған барлық әуе кемелерінің тіркеу туралы куәліктерінің электронды көшірмесі.</p> <p>Әуе кемесін экіпажбен жалға алу кезінде әуе кемесінің ұшуларына басшылықты жүзеге асыратын пайдалануышыны көрсете отырып, пайдалануши мемлекеттің азаматтық авиация саласындағы уәкілетті оғаның көлісүі;</p> <p>10) Қазақстан Республикасына ұшуларды орындауға жоспарланып отырған барлық әуе кемелерінің ұшу жарамдылық сертификатының электронды көшірмесі;</p> <p>11) шетел тасымалдаушының жолаушылар және үшінші тұлғалар алдындағы азаматтық жауаптылығының сақтандыру полисінің электронды көшірмесі;</p> <p>12) Қазақстан Республикасына тұрақты рейстерді орындауға шетелдік тасымалдаушыны тағайындалғанын растайтын хаттың электронды көшірмесі ұсынылады.</p>
9.	Казақстан Республикасының заңдарымен бекітілген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға негізdemeler	<p>Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту кезінде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға бас тарту себебі көрсетілген жауапты ж о л д а й д ы :</p> <p>1) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Заңмен белгіленген талаптарға сәйкес к е л м е у і ;</p> <p>2) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға ұсынылған құжаттарда анық емес мәліметтердің не қолданылу мерзімі өтіп кеткен мәліметтердің (құжаттардың) болуы негіз болып табылады.</p>
10	Мемлекеттік қызметтерді көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, Электронды нысан мен Мемлекеттік	<p>Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында орналастырылған: ("Азаматтық авиация комитеті" бөлімінің "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер б ө л і м ш е с і н д е ").</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті ЭЦҚ болуы шартында электронды нысанда портал арқылы алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Мемлекеттік көрсетілетін қызметті порттар арқылы көрсеткен кезде нашар көретіндерге в е р с и я қ ол ж е т і м д і</p>

корпорация арқылы қоса алғанда басқа да талаптар	Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсетудің тәртібі мен мәртебесі бойынша ақпаратты алыс жердегі қолжетімділік режимінде порталда "жеке кабинет" арқылы көрсетілетін қызметті берушінің анықтамасы арқылы, және Бірыңғай байланыс орталығы 1414, 8-800-080-7777 арқылы алуға мүмкіндігі бар.
--------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әдіlet министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК